

Алматы қаласы бойынша жер телімдерінің салықтық мөлшерлемелерін, алымдар мен төлемдерді бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған XIV сессиясының 2001 жылғы 29 желтоқсандағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 3 қаңтарда N 418 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 20 қазандағы N 475 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011.10.20 N 475 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 333 бабының 1 тармағына, 337 бабының 1, 2 тармағына, 338 бабының 1 тармағына, 373 бабының 2 тармағына, 462 бабына, 477 бабының 2 тармағына, 491 бабының 2 тармағына сәйкес және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысы бойынша II сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ш е ш і м қ а б ы л д а д ы :

1. Үй жанындағы жер телімдерінің базалық салық мөлшерлемелері бекітілсін, N 1 қ о с ы м ш а .

2. Автотұрақ, жанармай құю станциялары және базарлар үшін алынған жер телімдерінің салық мөлшерлемелері бекітілсін N 2 қосымша.

3. Алматы қаласының жерлерін аймақтастыру жобасы схемасы негізінде базалық салық мөлшерлемелерінің түзетілімі бекітілсін, N 3 қосымша.

4. Алматы қаласының базарларындағы тауар сату құқығы үшін бір жолғы талондардың бағасы бекітілсін, N 4 қосымша. <*>

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XVI сессиясының 2002 жылғы 13 ақпандағы шешімімен.

5. Алматы қаласын бойынша 2002 жылға арналған қоршаған ортаны ластағандығы жөніндегі төлемдер мөлшерлемелері бекітілсін, N 5 қосымша.

6. 2002 жыл үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақты "Медеу" Мемлекеттік табиғи бағын пайдаланғандығы үшін (кіру, шығу, қону) төлемдер мөлшерлемелері бекітілсін, N 6 қосымша.

7. Сыртқы жарнама және көрнекі ақпарат нысандарын орналасқандығы, жарнама орындарын бергендігі үшін айлық төлемнің және рұқсат бергендігі жөніндегі бір жолғы төлемнің мөлшерлемелері бекітілсін, N 7 қосымша.

8. Базарлар әкімшіліктеріне суда орыны үшін бір жолғы талон төлемі

енгізілгеннен кейін базарды күтіп-ұстау үшін саудагерлерден базарлар әкімшіліктері алатын жалпы алымдардың өсуіне жол бермеу ұсынылсын. Сауда жасаушы адамдардан алынатын осы төлемдердің төмендеуін қамтамасыз ететін базарлардың басқару және пайдалану ішкі құрылымдарын оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдасын.

9. Осы шешімнің орындалуына бақылау экономика және өндірісті дамыту жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (А.И.Шелипанов), Алматы қаласы бойынша салық комитетінің төрағасына (Б.У.Қалижанов) жүктелсін.

ІІ - ш і с а й л а н ғ а н

А л м а т ы қ а л а л ы қ М ә с л и х а т ы

XIV-ші сессиясының төрағасы

ІІ - ш і с а й л а н ғ а н

А л м а т ы қ а л а л ы қ М ә с л и х а т ы н ы ң

хатшысы

ІІ-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының 2001 жылғы

29 желтоқсандағы шешіміне

N 1 қосымша

Үй жанындағы жер телімдерінің базалық салықтық мөлшерлемелері

Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXIII сессиясының 2002 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен.

ІІ-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының 2001 жылғы

29 желтоқсандағы шешіміне

N 2 қосымша

Автотұрақтар, автомобильге жанармай құю станциялары және базарлар үшін қолданылатын жер телімдерінің салықтық мөлшерлемелері

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXIII сессиясының 2002 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен.

ІІ-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының 2001 жылғы

29 желтоқсандағы шешіміне

N 3 қосымша

Алматы қаласының жерлерін аймақтастыру (схемасы) жобасының негізіндегі базалық салықтық мөлшерлемелердің түзетілімі

Ескерту. 3-қосымшаның күші жойылды - II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXIII сессиясының 2002 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен.

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2001 жылғы
29 желтоқсандағы XIV кезектен
тыс сессиясының шешіміне
N 4 қосымша <*>

Ескерту. 4 қосымша жаңа редакцияда - II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XVI сессиясының 2002 жылғы 13 ақпандағы шешімімен; өзгеріс енгізілді - II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXVII сессиясының 2003 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен.

Алматы қаласының базарларында тауар сату құқығы үшін бір жолғы талондар көлемі

күн сайын (теңгемен)

N	Базардың бағыты	Базардың санаты		
		I	II	III
1.	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар: Прилавкалардан басқа контейнерлерден, дүңгіршектерден, павильондардан және өзге де уақытша орнатылған құрылыстарда с а у д а ж а с а у	3 6 0	3 6 0	3 6 0
1.1	6,0 шаршы м.көлемге дейінгі сауда орнынан 6,0 шаршы м.көлемнен 14,0 шаршы м.көлемге дейінгі сауда о р н ы н а н 14,0 шаршы м.көлемнен жоғары сауда орнынан	4 5 0 540	4 5 0 540	4 5 0 540
1.2	Прилавкада сауда жасау (әр сауда жасайтын адамнан алынады, сауда орыны ескерілмейді)	160	140	120
2.	Автомобиль сататын базар	3 6 0	Тыйым салынады	Тыйым салынады
2.1	1 автокөлікті сатқаны үшін			
2.2	Автобөлшектерді сату (әр сауда жасайтын адамнан)	340	300	260
3.	Гүл сататын базар	180	160	140
4.	Машина үстінен сауда жасайтын базар	540	Тыйым салынады	Тыйым салынады
5.	Коммуналдық базарлар	50	50	50

II-ші сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының XIV-сессиясының
төрағасы

II-ші сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2001 жылғы
29 желтоқсандағы XIV кезектен
тыс сессиясының шешіміне
N 5 қосымша <*>

Ескерту. 5-қосымшаның күші жойылды - II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының XXII сессиясының 2002 жылғы 19 желтоқсандағы шешімімен
және III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының IV сессиясының 2003 жылғы
24 желтоқсандағы N 17 шешімімен.

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2001 жылғы
29 желтоқсандағы XIV кезектен
тыс сессиясының шешіміне
N 6 қосымша <*>

Ескерту. 6-қосымшаның күші жойылды - II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының XXII сессиясының 2002 жылғы 19 желтоқсандағы шешімімен
және III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының IV сессиясының 2003 жылғы
24 желтоқсандағы N 17 шешімімен.

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2001 жылғы
29 желтоқсандағы шешіміне
N 7 қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның күші жойылды - II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының XXIV сессиясының 2003 жылғы 27 ақпандағы шешімімен.